

## Аягөз ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 2 шешімі

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағын басшылыққа ала отырып, Аягөз ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Аягөз ауданы әкімінің 2014 жылғы 24 маусымдағы № 1 "Аягөз ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3412 тіркелген), Аягөз ауданы әкімінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 1 "Аягөз ауданы әкімінің 2014 жылғы 24 маусымдағы № 1 "Аягөз ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3679 тіркелген) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ. Рғаеваға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Б. Байахметов*